

«Магистральды Су құбыры» ЖШС
Байқаушы кеңесінің шешімімен
(2022 жылғы 24 қазандағы №13 отырыс хаттамасы)
бекітілген

**«Магистральды Су құбыры» ЖШС
лауазымды адамдар мен жұмыскерлердің
мүдделер қақтығысын басқару
қағидалары**

Атырау қ.

1. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. «Магистральды Су құбыры» ЖШС лауазымды адамдар мен жұмыскерлердің мүдделер қақтығысын басқару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Магистральды Су құбыры» ЖШС жарғысына, «Магистральды Су құбыры» ЖШС корпоративтік басқару кодексiне, «Магистральды Су құбыры» ЖШС іскерлік этика кодексiне сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар «Магистральды Су құбыры» ЖШС-та мүдделер қақтығысын басқару процесін регламенттейді, мүдделер қақтығысының ықтимал жағдайларын, процеске қатысушыларға қойылатын талаптарды және олардың жауаптылығын, сондай-ақ «Магистральды Су құбыры» ЖШС (әрі қарай – Серіктестік) мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды белгілейді.

3. Қағидалардың мақсаттары болып табылады:

1) Серіктестікте мүдделер қақтығысын басқарудың біркелкі жүйесін құру;
2) Серіктестік пен оның жалғыз қатысушысының мүдделері үшін шешімдер қабылдаудың әділ, объективті және тәуелсіз процесін қамтамасыз ету;

3) лауазымды адамдар мен жұмыскерлердің мінез-құлқына лауазымдық/еңбек міндеттерін адал және үстіртсіз орындауды және шешімдерді бейтарап қабылдауды қамтамасыз ететіндей орындау талаптарын белгілеу.

4. Қағидалардың негізгі міндеттері болып табылады:

1) лауазымды адамдар мен жұмыскерлерге мүдделер қақтығысының туындауын болғызбау жөніндегі негізгі талаптарды белгілеу;

2) болуы мүмкін және туындаған мүдделер қақтығыстары, басқарушылық шешімдер қабылдау тетіктері және лауазымды адамдар мен жұмыскерлердің мүдделер қақтығыстары жағдайындағы мінез-құлық нормалары туралы мәліметтерді ашу тәртібін белгілеу;

3) лауазымды адамдар мен жұмыскерлерге Серіктестіктегі мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу бойынша қолданылатын шаралар туралы жалпы ақпарат беру.

5. Мүдделер қақтығысына жол бермеу туралы талаптар барлық лауазымды адамдар мен жұмыскерлерге қолданылады.

6. Лауазымды адамдар мен жұмыскерлер мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөнінде шаралар қабылдауға тиіс. Егер лауазымды адамға және / немесе жұмыскерге туындаған мүдделер қақтығысы туралы белгілі болған жағдайда, олар Қағидаларда белгіленген тәртіппен мұндай жанжал туралы дереу хабарлауға тиіс. Бұл ретте олардың құқықтарына мұндай өтініш жасағына үшін нұқсан келтірілмеуге тиіс.

7. Серіктестік лауазымды адамдар мен жұмыскерлердің Серіктестікте өздерінің лауазымдық/еңбек міндеттерін орындау шеңберінен тыс заңды жеке мүдделері болуы мүмкін деп қабылдайды, бірақ Серіктестікте аталған адамдардың осындай жеке мүдделері мен лауазымдық/еңбек міндеттері арасындағы кез келген мүдделер қақтығысы Қағидаларға сәйкес ашылуға және реттелуге тиіс.

8. Лауазымды адам мен жұмыскер өзінің лауазымдық/еңбек міндеттерін орындай отырып, Серіктестіктің мүдделерін өзінің жеке мүдделерінен жоғары қоюға және іскерлік мәселелерді шешу кезінде тек Серіктестіктің мүдделерін басшылыққа алуға міндетті. Шешім қабылдау процесі шешім қабылдаушының діни, этникалық, саяси, отбасылық немесе өзге де жеке қалауына байланысты болмауға тиіс. Жеке мүдделердің, қатынастардың, әсерлер немесе әрекеттердің барлығы автоматты түрде мүдделер қақтығысын тудырып жатпайды. Лауазымды адам мен жұмыскер, Қағидалардың барлық тиісті талаптарын ескере отырып, ақыл-ойды басшылыққа алуға тиіс.

9. Егер Серіктестіктің лауазымды адамдарының және/немесе жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысы Серіктестіктің мүдделері немесе беделі үшін елеулі қатер төндіретін болса, Серіктестік өз қалауы бойынша олардың мүдделерінің белгілі бір қақтығыстарына Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келметіндей тыйым салуға құқылы

10. Лауазымды адамдар мен жұмыскерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті тікелей немесе жанама түрде меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тиесілі ұйымдарға немесе егер лауазымды адам немесе қызметкер және / немесе оған аффилиденген тұлғалар мұндай компанияда шешім қабылдауға әсер етпейтін Серіктестік өз қызметін жүзеге асыратын кез келген компанияға инвестиция салуға рұқсат етіледі.

2. ҚОЛДАНУ АЯСЫ

11. Қағида барлық лауазымды адамдар мен жұмыскерлерге қолданылады.

Жұмыскерлерге қатысты Қағидалардың барлық талаптары мен ережелері Серіктестікте персоналды ұсыну бойынша қызмет көрсету шартына сәйкес жұмыстарды орындайтын адамдарға да қолданылады.

12. Егер Қағидалардың жекелеген ережелері салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға немесе тиісті мінез-құлық қағидалары туралы біреудің жеке түсініктеріне қайшы келсе, Қағидалардың ережелері қолданылады.

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

13. Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

1) **аффилденген тұлға** – шешімдерді тікелей және (немесе) жанама белгілеуге және (немесе) бір-бірімен (тұлғалардың біреуімен) қабылданатын шешімдерге, оның ішінде жасалған мәмілеге байланысты ықпал етуге мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлғалар (оларға берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда);

2) **бенефициарлық меншік иесі** – заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және акционерлік қоғам сатып алған акцияларды шегергендегі) жиырма бес процентінен астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі немесе осындай заңды тұлғаға өзгеше түрде бақылауды жүзеге асыратын жеке тұлға;

3) **жақын туыстар** – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата, әже, немерелер;

4) **жедел желі** – «Самұрық-Қазына» ҰӘК» АҚ жедел желісі (8-800-080—4747), электрондық пошта mail@sk-hotline.kz, интернет-портал www.sk-hotline.kz, WhatsApp [+7 \(771\) 191-88-16](tel:+77711918816), телефон нөмірі [+7\(7122\)938-943](tel:+77122938943), электрондық пошта– doverie@mw1.kz;

5) **лауазымды адам** – Байқаушы кеңестің мүшелері, Серіктестіктің бас директоры;

6) **кадр қызметі** – Серіктестіктің адам ресурстарын басқару департаменті;

7) **комиссия** – Серіктестіктің функцияларына мүдделер қақтығысы мәселелерін қарау және реттеу шараларын белгілеу кіретін тұрақты жұмыс істейтін консультациялық-кеңесі органы;

8) **бәсекелес** – Серіктестік көрсететін қызметтерге ұқсас кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, қызмет көрсететін заңды тұлға;

9) **күпия ақпарат** – қолжетімдігі шектеулі ақпарат (қызметтік күпия, коммерциялық күпия, инсайдерлік ақпарат (ол ашылған кезге дейін), дербес деректер және Серіктестіктің заңмен қорғалатын өзге де күпиясы);

10) **контрагент** – Серіктестік шарт/келісім жасаған немесе жасауды жоспарлап отырған, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

11) **мүдделер қақтығысы** – лауазымды адамның немесе жұмыскердің жеке мүдделілігі/жеке мүддесі/жеке басының мүддесі/жеке пайдасы/қызметі Серіктестік мүдделеріне қайшы келетін немесе олармен қайшы келуі ықтимал және сол арқылы олардың лауазымдық/еңбек міндеттерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы және осы мәселелер бойынша шешімдердің объективтілігіне әсер етуі мүмкін кез келген жағдайлар немесе мән-жайлар құзыретіне жататын мәселелер бойынша;

12) **жеке мүдделілік/жеке мүдде/жеке басының мүддесі/жеке пайда** - лауазымды адамның немесе жұмыскердің лауазымдық/еңбек міндеттерін орындау кезінде ақша, құндылықтар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген жалақы мен басқа да төлемдерді алумен байланысты емес өзі немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік және мүліктік емес құқықтар түрінде табыс алу мүмкіндігі;

13) **Жауапты адам** – Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің бас офицері;

14) **жария лауазымды тұлға:**

жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам – Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген мемлекет функциялары мен мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындауға тиісті лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, судья, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі өкіл, сол сияқты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды атқаратын адам немесе «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымы;

билік өкілінің функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын немесе мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес мемлекеттік қызметші, мәслихат депутаты, сондай-ақ мемлекеттік қызметке тағайындалғанға дейін мемлекеттік лауазымда қарастырылған міндеттерді уақытша атқаратын адам;

мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқару функцияларын орындайтын адам – аталған ұйымдарда ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша орындайтын адам;

шет мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, әкімшілік, сот органдарында немесе Қарулы Күштерінде қандай да бір лауазымды атқаратын, тағайындалатын немесе сайланатын адам;

шет мемлекет үшін қандай да бір қоғамдық функцияны орындайтын адам;

халықаралық шарттар мәртебесіне ие келісімдер негізінде елдер құрған ұйымдарда басшылық лауазымды атқаратын адам;

15) **Жұмыскер** – Серіктестікпен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

16) **жекжаттар** – жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары;

17) **құрылымдық бөлімше** – Серіктестіктің белгілі бір қызмет түрін/процесті жүзеге асыруға жауапты және Серіктестік құрылымында көрсетілген бөлімшесі;

18) **ЭҚЖ** – Серіктестіктің электрондық құжат айналымы жүйесі;

19) **мүдделер қақтығысын басқару** – лауазымды адамның немесе жұмыскердің жеке мүддесі/жеке басының мүддесі/жеке пайдасы/қызметі олардың лауазымдық / еңбек міндеттерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы және олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдердің объективтілігіне әсер етуі мүмкін жағдайларға жол бермеу тетіктерін құру;

20) **мүдделер қақтығысын реттеу** - басқарушылық шешімдер қабылдауға қабілетті органдардың және/немесе тұлғалардың нәтижесінде лауазымды тұлғаның және/немесе қызметкердің ықтимал немесе орын алған мүдделер қақтығысының теріс салдарларын болдырмайтын әрекеттері.

4. ПРОЦЕСТІҢ СИПАТТАМАСЫ

1-тарау. Мүдделер қақтығысын анықтау

§1. Мүдделер қақтығысының түрлері

15. Мүдделер қақтығысына келесі жағдайлар кіруі мүмкін:

1) лауазымды адамның немесе жұмыскердің Серіктестіктің құпия ақпаратын жеке мақсаттарда пайдалануы:

жеке пайда табу үшін Серіктестіктің құпия ақпаратын пайдалана отырып тікелей немесе жанама түрде мәмілелерді жүзеге асыру;

өзінің лауазымдық/еңбек міндеттерін орындауына байланысты өзіне белгілі болған Серіктестіктің құпия ақпаратын немесе ашылуы Серіктестіктің мүдделеріне теріс әсер етуі мүмкін кез келген басқа ақпаратты ашу, сондай-ақ лауазымды адамның немесе жұмыскердің немесе оның жақын туысының, жұбайының (зайыбының) және/немесе жекжатының Серіктестіктің инсайдерлік ақпаратын және / немесе өзге де құпия ақпаратын жеке пайда алу үшін кез келген пайдалануы;

Серіктестіктің құпия ақпаратын, жұмыскерлердің және/немесе контрагенттер өкілдерінің дербес деректерін үшінші тұлғаларға беру;

2) лауазымды адамның немесе жұмыскердің өкілеттігін асыра пайдалануы және лауазымдық / еңбек міндеттерін елемей:

өзінің лауазымдық / еңбек міндеттерін жеке пайда алу үшін пайдалануға мүмкіндік беретін атқарушылық және бақылау функцияларын қоса атқару;

өз өкілеттігін асыра пайдалану немесе жеке пайда алу мақсатында өкілеттіктерін теріс пайдалану;

лауазымдық/еңбек міндеттерін орындауда басқа лауазымды адамға немесе жұмыскерге, оның ішінде жеке пайда алу мақсатында кедергілер жасау;

өз жұмысын бағалау, сыйақыны қайта тағайындау (қайта сайлау), анықтау немесе төлеу мәселелері бойынша немесе өзіне қатысты өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдау процесіне қатысу;

жеке мүдделері Серіктестіктің мүдделеріне қайшы келетін Серіктестіктің қызметін жүзеге асыру барысындағы іскерлік шешімге, процеске немесе мәмілеге тікелей немесе жанама қатысу немесе ықпал ету;

Серіктестік тараптардың бірі болып табылатын мәмілеге табыс немесе өзге де жеке пайда алу мақсатында мұндай қатысуды Серіктестіктің уәкілетті органының алдын ала жазбаша нысанда мақұлдауысыз қатысу;

Серіктестіктің ресурстарын, зияткерлік меншігін және жабдықтарын жеке мақсатта пайдалану;

3) лауазымды адамның немесе жұмыскердің Серіктестіктегі өз функцияларын орындауы:

Жұмыскерді жұмысқа қабылдау немесе оның еңбектік міндеттерін өзгерту, соның нәтижесінде Жұмыскер және/немесе оның жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жекжаты тікелей бағыныста болады және жақын туысына, жұбайына (зайыбына), жекжатына қатысты кез келген кадрлық шешім (жалақыны өзгерту, сыйлықақы тағайындау, белгілі бір лауазымға тағайындау туралы шешім қабылдауды қызмет бойынша жоғарылатуды және т. б. қоса алғанда) қабылдау;

Серіктестіктің атқарушы органында жақын туыстарымен, жұбайымен (зайыбымен), жекжаттарымен жұмыс немесе функцияларды орындау;

лауазымды адамды тағайындау немесе сайлау, соның нәтижесінде лауазымды адамның жақын туысына, жұбайына (зайыбына), жекжатына қатысты кез келген кадрлық шешім қабылдайды;

4) тендерлік рәсімдердегі мүдделер қақтығысы:

тендерлік комиссияға мүше жұмыскердің акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлесі) бар не жұмыскер осындай заңды тұлғаның бенефициарлық меншік иесі болып табылатын заңды тұлғаның тендерлік рәсімдерге қатысуы;

тендерлік рәсімдерге тендер комиссиясының мүшесі - қызметкердің жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жекжаты немесе жақын туысы, жұбайы (зайыбы) жұмыс істейтін, мұндай жұмыскердің жекжатының осындай заңды тұлғаның акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлесі) бар заңды тұлғаның қатысуы;

Жұмыскер-тендерлік комиссияның мүшесі және / немесе оның жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жекжаты тендерлік рәсімге қатысуға өтінім берген заңды тұлғаның жарғылық капиталдағы акцияларынан немесе үлестерінен басқа, бағалы қағаздарына иелік етеді;

5) жобалар мен мәмілелердегі мүдделер қақтығысы:

лауазымды адам немесе жұмыскер немесе оның жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жекжаты жобада немесе Серіктестікке байланысты мәміледе тарап болып табылатын жағдай;

лауазымды адам немесе жұмыскер немесе оның жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жекжаты жобада немесе Серіктестікке байланысты мәміледе тарап болып табылатын ұйымның үлестес тұлғасы болып табылатын жағдай;

лауазымды адам немесе жұмыскер немесе оның жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жекжаты қызметтер көрсету, жобаны іске асыру немесе үшінші тараппен мәміле жасау бөлігінде Серіктестікпен бәсекелесетін ұйымның үлестес тұлғасы, тәуелсіз директоры немесе жұмыскері болып табылатын жағдай;

Серіктестікке байланысты жобаларда, мәмілелерде кез келген коммерциялық немесе өзге де мүдделілік (тікелей немесе жанама);

б) лауазымды адамның немесе жұмыскердің Серіктестіктен тыс жұмысқа орналасуы және іскерлік белсенділігі:

Серіктестіктегі ағымдағы лауазымын сақталып акцияларды (жарғылық капиталға қатысу үлесін) сатып алу, басқару органына (директорлар кеңесіне, байқаушы кеңеске және т. б.) сайлану немесе тағайындалу, атқарушы органның мүшесіне (жеке-дара атқарушы орган болып) сайлану немесе тағайындалу, контрагентте және / немесе бәсекелесте ұйымдастырушылық-өкімдік және/немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыруды көздейтін өзге де басшы лауазымдарға сайлану немесе тағайындалу. Осы ереже лауазымды адамның немесе жұмыскердің жақын туыстарына, жұбайына (зайыбына), жекжаттарына да қолданылады.

Серіктестіктің бас директорының Серіктестік Байқаушы кеңесінің келісімінсіз басқа ұйымдарда, оның ішінде басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басшысының немесе атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымында жұмыс істеуге құқығы жоқ.

лауазымды адамның немесе жұмыскердің, сондай-ақ оның жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының), жекжаттарының жеке пайда алу мақсатында бір контрагенттің мүдделерін лауазымды адамның немесе жұмыскердің басқасының мүдделеріне нұқсан келтіріп артықшылық беруін және/немесе лауазымды адамның немесе жұмыскердің өз мүдделерін жеке пайда алу мақсатында контрагенттің мүдделеріне нұқсан келтіріп артықшылық беруін көздейтін контрагенттің қызметіне қатысуы;

лауазымды адам немесе жұмыскер жұмыскер/бенефициарлық меншік иесі болып табылатын Серіктестіктің мүдделері мен өзге заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің мүдделері арасындағы қайшылық;

кез келген жобалар мен мәмілелер бойынша бәсекелестікті қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Серіктестікпен бәсекелестік;

Серіктестікке алдын ала хабарламай және/немесе қажет болған жағдайларда Серіктестіктің уәкілетті органынан жазбаша рұқсат алмай Серіктестік немесе контрагенттер, бәсекелестер активтерінің біріне жеке қызығушылықты сатып алу немесе сақтау. Осы қызығушылықтан бас тартқан жағдайда (өз үлесін сату, меншік құқығын қайта тіркеу және т. б.), егер жұмыскер контрагентке әсер етуді жалғастырса, мүдделер қақтығысы сақталады;

жұмыскердің контрагенттерге қызмет көрсетуі, контрагенттерде қоса атқаратын жұмысы;

егер бұрынғы жұмыскермен еңбек қатынастары тоқтатылған кезден бастап 2 (екі) жылдан аз уақыт өткен жағдайда, Серіктестіктің бұрынғы жұмыскермен, сондай-ақ бұрынғы жұмыскері аффилиденген заңды тұлғамен шарт жасауы;

7) саяси маңызы бар тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау:

лауазымды адамның немесе жұмыскердің Серіктестікте лауазымдық/еңбек міндеттерін орындауы шеңберінде жария лауазымды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде жеке мүддесінің болуы;

8) жеке пайда алу:

лауазымды адамның, жұмыскердің немесе оның жақын туысының, жұбайының (зайыбының), жекжатының лауазымды адам немесе Жұмыскер лауазымдық/еңбек міндеттерін орындамайтын жеке тұлғалардан және/немесе заңды тұлғалардан өздерінің лауазымдық/еңбек міндеттерін орындағаны үшін ақша, көрсетілетін қызметтер түрінде және өзге де нысандарда сыйақы алуы;

көпшілік мақұлдаған әдептілік пен әдептілік нормаларына сәйкес немесе хаттамалық және өзге де ресми іс - шараларды өткізу кезіндегі назар аударудың символдық белгілері мен символдық кәдесыйларды қоспағанда, лауазымды адамның, Жұмыскердің немесе оның жақын туысының, жұбайының (зайыбының), жекжатының лауазымды адам, жұмыскердің лауазымдық/еңбек міндеттерін орындауына байланысты сыйлықтар қабылдауы не лауазымды адамның, жұмыскердің жұмыс бабында өздеріне тәуелді адамдардан сыйлықтар алуы;

лауазымды адамның, жұмыскердің немесе оның жақын туысының, жұбайының (зайыбының), жекжатының Серіктестіктің жеткізушілерінен, мердігерлерінен немесе басқа контрагенттерінен жалпы тәртіппен басқа лауазымды адамдарға, жұмыскерлерге немесе олардың жақын туыстарына қолжетімсіз дербес жеңілдіктер немесе басқа да айрықша артықшылықтар алуы.

15. Қағидалардың 14-тармағында тізбеленген мүдделер қақтығысының жағдайлары толық болып табылмайды. Мүдделер қақтығысының бар-жоғын анықтау үшін лауазымды адамдар мен Жұмыскерлер Қағидалардың 13-тармағында келтірілген мүдделер қақтығысы терминін басшылыққа алуға тиіс.

§2. Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу тәртібі

16. Лауазымды адамдар мен жұмыскерлер мүдделер қақтығысының болу мүмкіндігі немесе туындағаны туралы барлық мәліметтерді дереу және толық көлемде ашуға, сондай-ақ оны реттеуге белсенді түрде ықпал етуге міндетті. Ықтимал немесе туындаған мүдделер қақтығысының болуына/болмауына күмән туындаған жағдайда лауазымды адамдар мен жұмыскерлер түсіндіру үшін жауапты адамға жүгінуге тиіс.

Ықтимал немесе туындаған мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашуды лауазымды адам немесе жұмыскер жазбаша түрде және барынша түсінікті нысанда жүзеге асыруға тиіс.

17. Лауазымды адамдардың және/немесе жұмыскерлердің ықтимал немесе туындаған мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашудың мынадай тәртібі белгіленеді:

1) жауапты адам жаңа лауазымды адамдарды сайлау туралы ақпаратты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қағидаларды және Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ықтимал мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді бастапқы ашу туралы мәлімдеме нысанын тікелей сайланған жаңа лауазымды адамдарға жібереді немесе электрондық пошта арқылы олардың электрондық мекенжайларына жібереді.

Көрсетілген адамдар алынған нысан бойынша ықтимал мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді бастапқы ашу туралы мәлімдемені толтырады. Мәлімдемелердің деректері жауапты адамда сақталады;

2) кадр қызметі жұмысқа қабылдау кезінде міндетті түрде Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша танысу парағын толтыру арқылы жаңадан қабылданған жұмыскерлерді Қағидалармен таныстырады. Бұл ретте жаңадан қабылданған әрбір жұмыскер Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ықтимал мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді бастапқы ашу туралы мәлімдемені толтыру жолымен ықтимал мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді бастапқы ашуды жүзеге асырады. Бұл мәлімдеме кадр қызметінде жұмыскердің жеке ісінде сақталады. Осы мәлімдеменің көшірмесін Жұмыскер толтырған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде кадр қызметі жұмыскерді Серіктестікке жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесімен бірге ЭҚЖ арқылы жауапты адамға жібереді;

3) жұмыскерді жаңа лауазымға ауыстыру кезінде жұмыскерді жаңа лауазымға ауыстыру туралы бұйрықпен таныстырумен бір мезгілде (бірақ жұмыскерді жаңа лауазымға ауыстыру туралы бұйрық шыққан күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде) жұмыскер Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ықтимал мүдделер қақтығысы туралы мәлімдемені немесе Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы мәлімдемені толтыру арқылы жүзеге асырады мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашуды жүзеге асырады. Бұл мәлімдеме кадр қызметінде жұмыскердің жеке ісінде сақталады. Көрсетілген мәлімдеменің көшірмесін жұмыскер оны толтырған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде кадр қызметі жұмыскерді жаңа лауазымға ауыстыру туралы бұйрықтың көшірмесімен бірге ЭҚЖ арқылы жауапты адамға жібереді;

4) жыл сайын лауазымды адамдар мен жұмыскерлер мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашады.

Жауапты адам жібереді:

лауазымды адамдарға ЭҚЖ немесе электрондық пошта арқылы олардың электрондық мекенжайларына Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ықтимал

мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу туралы мәлімдеменің және Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мүдделер қақтығысының болмауы туралы мәлімдеменің нысандарын. Лауазымды адамдар алынған нысандар бойынша ықтимал мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу туралы мәлімдемені немесе мүдделер қақтығысының болмауы туралы мәлімдемені толтыру арқылы мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашуды жүзеге асырады және оларды жауапты адамға береді. Мәлімдемелердің деректері жауапты адамда сақталады;

Серіктестік бас директорының орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелеріне ЭҚЖ арқылы немесе электрондық пошта бойынша олардың электрондық адрестеріне Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ықтимал мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу туралы мәлімдеме мен Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүдделер қақтығысының болмауы туралы мәлімдеменің нысандарын. Құрылымдық бөлімшелерден жұмыскерлердің аталған мәлімдемелерін алғаннан кейін жауапты адам оларды кадр қызметіне жұмыскерлердің жеке істеріне сақтауға береді. Осы өтініштердің көшірмелері жауапты адамда сақталады;

5) мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді біржолғы ашуды мүдделер қақтығысын тудыратын жағдайлардың туындауына қарай лауазымды адамдар мен жұмыскерлер Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ықтимал мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу туралы мәлімдемені толтыру арқылы осындай жағдай туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Егер лауазымды адамдағы немесе жұмыскердегі жағдай немесе мән-жайлар өзгерсе және мүдделер қақтығысы бұдан кейін болмаса, бұл өзгерісті жауапты адам Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықталған мүдделер қақтығыстары туралы мәліметтерді тіркеу журналында (бұдан әрі – Тіркеу журналы) тіркеуге тиіс.

18. Егер лауазымды адамға және / немесе жұмыскерге басқа лауазымды адамның немесе жұмыскердің мүдделер қақтығысының болуы немесе туындауы туралы белгілі болған жағдайда, ол тиісті шаралар қабылдау үшін бұл туралы Серіктестіктің жедел желісіне немесе жауапты адамға дереу хабарлауға тиіс. Бұл ретте мұндай мәлімдеме жасалған жағдайда олардың құқықтарына қысым жасалмауға тиіс және Серіктестік міндеттенеді:

1) мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу процесінің және оны реттеу процесінің құпиялылығын сақтауға;

2) лауазымды адамды немесе жұмыскерді уақытында ашылған және реттелген мүдделер қақтығысына байланысты қудалаудан қорғауға.

19. Жедел желі арқылы алынған ақпарат ол жедел желіге келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ЭҚЖ немесе электрондық пошта арқылы жауапты адамға берілуге тиіс. Мұндай ақпарат міндетті түрде ықтимал/туындаған мүдделер қақтығысы туралы ақпарат берілетін лауазымды адам немесе жұмыскер туралы мәліметтерді (лауазымды адамның немесе Жұмыскердің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, құрылымдық

бөлімшенің атауы), ықтимал/туындаған мүдделер қақтығысы ахуалының сипаттамасын, ұсынылған ақпаратты растайтын құжаттарды (болған жағдайда), өтініш берушінің байланыс деректері (тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда), байланыс телефонының нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, пошталық мекенжайы және т.б.) қамтуға тиіс.

20. Жауапты адам ықтимал, туындаған, анықталған мүдделер қақтығысының барлық жағдайларын, сондай-ақ мүдделер қақтығысы бұдан былай болмайтын жағдайларды тіркеу журналына тіркеуге тиіс.

2-тарау. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу

§1. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу шаралары

21. Мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жұмысының тиімділігін арттыру үшін Серіктестік оларды уақытында және толық анықтау үшін, сондай-ақ Серіктестіктің барлық органдарының оларды реттеу жөніндегі іс-қимылын нақты үйлестіру үшін тетіктер жасауға ұмтылады.

22. Лауазымды адамдардың және/немесе жұмыскерлердің ықтимал немесе туындаған мүдделер қақтығысының болуы туралы ақпаратты жауапты адам Серіктестік үшін туындайтын тәуекелдердің ауырлығын бағалау мақсатында тиісті ақпарат/өтініш келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тексеруге тиіс.

23. Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында кадр қызметі / жауапты адам өздеріне жүктелген функциялар мен міндеттерге сәйкес міндетті:

1) Жұмысқа қабылдау, Серіктестік лауазымды адамдарының/жұмыскерлерінің лауазымдық/еңбек міндеттерін жоғарлату немесе өзгерту кезінде-тікелей басшысы немесе оның міндетін атқаратын адамы бар жақын туыстар, жұбайы (зайыбы), жекжаттары болып табылатын адамдарды лауазымға тағайындаудан аулақ болуға;

2) Жұмысқа қабылдау кезінде әрбір лауазымды адамды немесе жұмыскерді Қағидалармен таныстыруды қамтамасыз етуге;

3) Серіктестіктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен, Серіктестік контрагенттерін тексеру кезінде, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу рәсімдерін жүргізу және олармен шарттық қатынастарды ресімдеу кезеңдерінде - лауазымды адамдармен және жұмыскерлермен, олардың жақын туыстарымен, ері-зайыптарымен, сондай-ақ жекжаттарымен аффиленген болу белгілерінің болуы тұрғысынан Серіктестік құрылтайшыларының (қатысушыларының/акционерлерінің) құрамын және контрагенттері басшыларын зерделеуді жүзеге асыруға;

4) Қағидалардың ережелерін лауазымды адамдарға немесе жұмыскерлерге жеткізуге бағытталған тұрақты түсіндіру жұмысын жүргізуге;

5) Серіктестіктің аффиленген тұлғалары туралы ақпараттың есебін жүргізуге.

24. Жауапты адам жұмыскерлерде ықтимал немесе туындаған мүдделер қақтығысы жағдайлары анықталған жағдай туралы ол қақтығысты шешудің ең лайықты нысанын таңдау мақсатымен Серіктестіктің бас директорына дереу хабарлайды. Серіктестік бас директорына қатысты ықтимал немесе туындаған мүдделер қақтығысының анықталған жағдайда – осы ақпаратты Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің төрағасына немесе Серіктестіктің Байқаушы кеңесі мүшесіне қатысты – Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының назарына жеткізеді.

25. Серіктестікте мүдделер қақтығысын реттейтін комиссия құрылады, оған барлық мүдделі тараптар кіреді. Комиссияның құрамы Серіктестіктің бас директорының немесе оның орнынан қалған адамның бұйрығымен немесе Байқаушы кеңестің шешімімен белгіленеді және оған жауапты адам, кадр қызметінің жұмыскері, Серіктестіктің меншік пен ақпаратты қорғау секторының жұмыскері, Серіктестікті құқықтық қамтамасыз ету департаментінің жұмыскері, Серіктестіктің өзге де құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлері (қажет болған кезде) кіреді.

§2. Мүдделер қақтығысын реттеу шараларын қолдану

26. Мүдделер қақтығысы болуы мүмкін немесе туындауы мүмкін әрбір нақты жағдайда оны Қазақстан Республикасы заңнамасының және Серіктестіктің қызметін реттейтін құжаттардың талаптарын сақтау шартымен реттеудің әртүрлі шаралары белгіленуі мүмкін, оған мыналарды қоса, бірақ онымен шектелмей:

1) лауазымды адамның немесе жұмыскердің жеке мүдделерін қозғауы мүмкін болатын нақты ақпаратқа қол жеткізуін шектеу;

2) лауазымды адамды немесе жұмыскерді мүдделер қақтығысы бар немесе болуы мүмкін мәселелерді талқылауға қатысудан және олар бойынша шешімдер қабылдаудан шеттету (тұрақты немесе уақытша);

3) лауазымды адамның немесе жұмыскердің лауазымдық/еңбек міндеттерін қайта қарау және өзгерту;

4) лауазымды адамды және/немесе жұмыскерді мүдделер қақтығысына байланысты емес лауазымдық/еңбек функцияларын орындауды қарастыратын лауазымға ауыстыру/қайта сайлау (лауазымды адамның/ жұмыскердің келісімімен);

5) лауазымды адамның немесе жұмыскердің мүдделер қақтығысы туындауының негізі болып табылатын, өзіне тиесілі мүлікті иеліктен шығаруы;

6) мүдделер қақтығысын туғызатын лауазымды адамның немесе жұмыскердің өзінің жеке мүддесінен бас тартуы;

7) лауазымды адамның және/немесе жұмыскердің жеке мүддесі бар контрагентпен шартты бұзу, сондай-ақ егер лауазымды адам және/немесе жұмыскер контрагенттің немесе бәсекелестің түпкі бенефициарлық меншік

иесін иеленуді немесе болуын тоқтатса, бір жыл ішінде контрагентпен шартты қайта жасауға мораторий енгізу;

8) лауазымды адаммен шартты бұзу және/немесе жұмыскермен еңбек шартын бұзу.

27. Қағидалардың 26-тармағында келтірілген шаралар толық болып табылмайды. Әрбір нақты жағдайда қалыптасқан жағдайдың ерекшелігіне, қолданылатын шаралардың мүдделер қақтығысын реттеу мақсаттарына барабарлық дәрежесіне қарай өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

28. Егер мүдделер қақтығысын реттеу нәтижесінде лауазымды адам және/немесе жұмыскер контрагенттің немесе бәсекелестің түпкі бенефициарлық меншік иесін иеленуді немесе болуын тоқтатса және осындай әрекеттердің нәтижесінде мүдделер қақтығысы реттелген болып саналса, онда лауазымды адам және / немесе жұмыскер жауапты адамға Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған мәлімдемені ұсыну арқылы мүдделер қақтығысының болмауы туралы хабарлауға міндетті.

3-тарау. Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді мониторингтеу

29. Жауапты адам мүдделер қақтығысы туралы өзіне ұсынылған мәліметтерге тоқсан сайын мониторинг пен тексеруді жүзеге асырады.

30. Тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 3-нен кешіктірмей, жауапты адам «ҚазТрансОйл» АҚ-қа тіркеу журналынан өткен тоқсан үшін лауазымды адамдардың және/немесе жұмыскерлердің мүдделер қақтығысының анықталған жағдайлары (олар болған болса) туралы мәліметтер көрсетілген жиынтық ақпаратты жібереді.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

31. Лауазымды адамдар мен жұмыскерлер мыналар үшін жауапты:

1) олардың, олардың жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының, жекжаттарының Қағидаларды сақтауы және орындауы;

2) өзінің жеке мүдделерінің Серіктестік мүдделерімен қақтығысын дер кезінде анықтау, сол сияқты өзінің ықтимал немесе туындаған мүдделер қақтығысын немесе өз жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының, жекжаттарының ықтимал/туындаған мүдделер қақтығысын дер кезінде ашу, сондай-ақ аталған адамдар мүдделерінің ықтимал немесе туындаған қақтығысын реттеуге белсенді қатысуы;

3) лауазымды адамдардың немесе жұмыскерлердің жеке мүдделеріне байланысты мәселелерді лауазымға тағайындауға немесе одан әрі онда болуына байланысты туындайтын мүдделер қақтығысын барынша болдырмау мәселелерін шешу үшін.

32. Серіктестік мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді жасырылуын және/немесе әдейі дер кезінде толық ашылмауын сенімге қиянат жасау және алдау ретінде қарайды. Қағидалардың ережелерін орындамау тәртіптік теріс

қылық ретінде қаралуы және лауазымды адамды және/немесе жұмыскерді жауапқа тарту үшін негіз болуы мүмкін.

33. Егер мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі жұмыста Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ Қағидалардың талаптарын Серіктестікке залал келтіруге әкеп соққан бұзушылықтарға жол берілген жағдайда, мұндай бұзушылыққа кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

34. Мүдделер қақтығысын келіссөздер жолымен реттеу мүмкін болмаған кезде ол сот тәртібімен шешіледі.

1-қосымша
(міндетті)

Ықтимал мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді бастапқы ашу туралы мәлімдеме

20 _____ жылғы _____ (қала, елді мекен)

1. «Магистральды Су құбыры» ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) контрагенттері/бәсекелестері шығарған бағалы қағаздарды сатып алу ниеті туралы мәліметтер:

Осымен мен/жұбайым (зайыбым)/жақын туысым/жекжаттым серіктестіктің контрагенттері/бәсекелестері шығарған бағалы қағаздарды сатып алуға ниеттенемін/ниеттенеді:

№ п/п	Номиналды ұстаушының / меншік иесінің атауы, бағалы қағаздарды сақтау орны	Бағалы қағаздардың түрі*	Эмитент	Саны (дана)

*** Бағалы қағаздардың түрлері: акция, облигация, вексель, еврооблигация, корпоративтік облигация, пай, өндірістік қаржы құралы (нота, опцион, фьючерс, форвард және т.б.).*

2. Серіктестіктің контрагент - компанияларындағы/бәсекелестеріндегі бенефициарлық меншік туралы мәліметтер:

Осымен мен/жұбайым/зайыбым/жақын туысым/жекжаттым Серіктестіктің контрагенттері/бәсекелестері болып табылатын/болып табылуы ықтимал заңды тұлғалардың меншік иесі/бенефициарлы меншік иесі (- лері) болып табылатынымды/болып табылатынын және/немесе қандай да бір активтерін/акцияларын / қатысу үлестерін сатып алу ниетім бар / ниеттерінің бар екенін хабарлаймын:

№ п/п	Заңды тұлғаның атауы / сатып алынатын актив туралы мәліметтер (атауы, сәйкестендіру сипаттамалары, мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер және т. б.) *	Қатысу үлесі (акциялардың түрін/жарғылық капиталға қатысу үлесінің мөлшерін қоса алғанда, акциялардың жалпы санына проценттік қатынаста акциялардың саны, оның ішінде акциялардың жалпы санына проценттік қатынаста)/сатып алынатын активтің құны **	Валюта

* Мәлімдеушінің/оның жұбайының/жақын туыстарының/жекжаттарының меншік иесі ретінде/бенефициарлық меншік иесі ретінде

және/немесе басшылыққа қатысуы/болжанатын Серіктестіктің контрагенті - заңды тұлғасының/бәсекелесінің атауы көрсетіледі. Сондай-ақ мәлімдеушінің/оның жұбайының/жақын туыстарының/жекжаттарының Серіктестіктің контрагенттері/бәсекелестері болып табылатын/ықтимал заңды тұлғаларда қандай да бір активтерді/үлестерді сатып алу ниеті туралы мәліметтер көрсетіледі.

** Заңды тұлғаның акцияларының саны (жарғылық капиталға қатысу үлесі) көрсетіле отырып, өтініш жасалған күні активтің теңгемен және/немесе басқа валютамен қатысу сомасы/сатып алу құны көрсетіледі.

3. Серіктестіктің контрагенттерінің немесе бәсекелестерінің жеке және/немесе алқалы басқару органдарына қатысуы туралы мәліметтер:

Осымен мен/менің/жұбайым (зайыбым)/жақын туысым/жекжатым Серіктестіктің контрагентінде және / немесе бәсекелесінде ұйымдастырушылық-өкімдік және / немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыруды қарастыратын лауазымды адам/басқару органының мүшесі (директорлар кеңесі (жиналысы)/ байқаушы кеңес және т. б.)/атқарушы органның мүшесі/жалғыз атқарушы орган/тәуелсіз директор / өзге де басшы лауазымдарға сайланған немесе тағайындалған адам екенімді / болып табылатындығын хабарлаймын:

т/г №	Заңды тұлғаның атауы*	Қатысу түрі**

* Мәлімдеуші, оның жұбайы (зайыбы)/жақын туысы/жекжаты ұйымдастырушылық-өкімдік және / немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыруды қарастыратын лауазымды адам/басқару органының мүшесі (директорлар кеңесі (жиналысы)/ байқаушы кеңес және т. б.)/атқарушы органның мүшесі/жалғыз атқарушы орган/тәуелсіз директор / өзге де басшы лауазымдарға сайланған немесе тағайындалған Серіктестіктің контрагентінің және / немесе бәсекелесінің атауы көрсетіледі.

** Қатысу түрі (директорлар кеңесіне (жиналысына), байқаушы кеңесіне, атқарушы органға және т.б. қатысу) көрсетіледі.

4. Жария лауазымды тұлғалармен байланыстар

4.1. Осымен жария лауазымды тұлға(лар)мен өзара іс-қимылда мүдделердің ықтимал/туындаған (қажеттісінің астын сызу) қақтығысы туралы хабардар етемін:

т/г №	Ықтимал / туындаған мүдделер қақтығысы (мүдделер қақтығысы / жеке қызығушылық нені білдіретінін сипаттау қажет)

4.2. Осымен мен/менің жұбайым (зайыбым)/жақын туысым/жекжатым жария лауазымды тұлға(лар)/болып табылатындығын хабарлаймын:

т/т №	Мәлімдеушінің/мәлімдеушінің жұбайының/ жақын туысының/ жекжатының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Лауазымы	Жұмыс орыны	Жұмыс істеген кезең

Мәлімдеушінің/оның жұбайының/жақын туысының/ жекжатының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, жұмыс орны, жұмыс кезеңі көрсетіледі.

5. Басқа ақпаратты ашу

5.1. Осымен мен / жұбайым / жұбайым / жақын туысым/жекжатым Серіктестікке тиесілі активтерді сатып алуға ниетті екенімді /ниетті екенін хабарлаймын:

т/т №	Мәлімдеушінің/мәлімдеушінің жұбайының/ жақын туысының/ жекжатының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Актив

5.2. Осымен менімен/менің жұбайыммен (зайыбыммен)/жақын туысыммен/жекжатыммен Серіктестіктің контрагенттеріне/ бәсекелестеріне қызмет көрсетілгені туралы / өзге де өзара іс-қимыл жасалмағаны туралы (оның ішінде мен/менің жұбайым (зайыбым)/жақын туысым/жекжатым бенефициарлық меншік иесі (меншік иесі) болып табылатын заңды тұлғалар арқылы) хабарлаймын:

т/т №	Контрагент	Өзара іс-қимыл түрі (мысалға, қызмет көрсету)

5.3. Осымен менімен/менің жұбайыммен (зайыбыммен)/жақын туысыммен/жекжатыммен Серіктестіктің контрагенттеріне/ бәсекелестеріне қызмет көрсетілгені туралы / өзге де өзара іс-қимыл жасалмағаны туралы (оның ішінде мен/менің жұбайым (зайыбым)/жақын туысым/жекжатым бенефициарлық меншік иесі (меншік иесі) болып табылатын заңды тұлғалар арқылы) хабарлаймын:

т/т №	Контрагент	Өзара іс-қимыл түрі (мысалға, қызмет көрсету)

5.4. Осымен Серіктестікте менің жұбайым (зайыбым)/жақын туысым/жекжатым жұмыс істейтінін немесе қызметке тағайындалғанын хабарлаймын:

т/т №	Мәлімдеушінің/мәлімдеушінің жұбайының/ жақын туысының/ жекжатының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Жұбайының/ жақын туысының/ жекжатының атқаратын лауазымы

5.5. Осымен өзге де ықтимал /туындаған мүдделер қақтығысы туралы хабарлаймын (керегін сыз):

т/т №	Мүдделер қақтығысының сыпаты көрсетіледі

Осымен мәлімдемеде көрсетілген барлық мәліметтер толық, шынайы және шүбәсіз болып табылатынын растаймын.

(мәлімдеушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның лауазымы, құрылымдық бөлімшенің атауы).

Мәлімдеушінің қолы: _____, күні:

Жауапты адам «Қаралды»:

(мәлімдеушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның лауазымы, құрылымдық бөлімшенің атауы).

2-қосымша
(міндетті)

20_____ ЖЫЛҒЫ _____ (қала, елді мекен)

**«Магистральды Су құбыры» ЖШС
лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын
басқару қағидаларымен танысу парағы**

<i>Осы танысу парағына қол қоя отырып, жұмыскер «Магистральды Су құбыры» ЖШС Лауазымды адамдар мен жұмыскерлердің мүдделер қақтығысын басқару қағидаларының барлық тармақтарын оқып, түсінгенін, барлық қажетті түсініктемелер алынғанын растайды</i>		
Жұмыскердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның лауазымы, құрылымдық бөлімшенің атауы	Күні	Қолы

3-қосымша
(міндетті)

Жаңа лауазымға отыру/жаңа лауазымға ауысу немесе мән-жайлардың өзгеруі кезіндегі ықтимал мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу туралы мәлімдеме

20_____ ЖЫЛҒЫ _____ (қала, елді мекен)

2. Осымен ықтимал/туындаған мүдделер қақтығысы туралы мәлімдеймін (қажеттісінің астын сызу).

1. «Магистральды Су құбыры» ЖШС (әрі қарай – Серіктестік) контрагенттері/бәсекелестері шығарған бағалы қағаздарды сатып алу ниеті туралы мәліметтер:

Осымен мен/жұбайым (зайыбым)/жақын туысым/жекжатым Серіктестіктің контрагенттері/ бәсекелестері шығарған бағалы қағаздарды сатып алуға ниеттенемін/ниетті:

т/т №	Бағалы қағаздарды номиналды ұстаушысының/ меншік иесінің атауы, сақталған орыны	Бағалы қағаздардың түрі*	Эмитент	Саны (дана)

* Бағалы қағаздардың түрлері: акция, облигация, вексель, еврооблигация, корпоративтік облигация, пай, туынды қаржы құралы (нота, опцион, фьючерс, форвард және т.б.).

2. Серіктестіктің контрагент - компанияларындағы/ бәсекелестеріндегі бенефициарлық меншік туралы мәліметтер:

Осымен мен/жұбайым/жұбайым/жақын туысым/жекжатым/меншік иесі/бенефициар (-лар) меншік иесі (- лер) болып табылатынымды және/немесе Серіктестіктің контрагенттері/бәсекелестері болып табылатын/ықтимал заңды тұлғалардың акцияларын / қатысу үлестерін қандай да бір активтерін сатып алу ниетім бар / бар екенін хабарлаймын/:

т/т №	Заңды тұлғаның атауы / сатып алынатын актив туралы мәліметтер (атауы, сәйкестендіру сипаттамалары, мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер және т. б.) *	Қатысу үлесі (акциялардың түрін/жарғылық капиталға қатысу үлесінің мөлшерін қоса алғанда, акциялардың жалпы санына проценттік қатынаста акциялардың саны, оның ішінде акциялардың жалпы санына проценттік	Қатысу валютасы

		қатынаста)/ сатып алынатын активтің құны **	

* Мәлімдеушінің/оның жұбайының/ жақын туыстарының/ жекжаттарының меншік иесі(лері) ретінде/бенефициарлық меншік иесі (лері) ретінде және/немесе басшылыққа қатысуы/болжанатын Серіктестіктің контрагенті - заңды тұлғаның/бәсекелесінің атауы көрсетіледі. Сондай-ақ мәлімдеушінің/оның жұбайының/жақын туыстарының/жекжаттарының Серіктестіктің контрагенттері/бәсекелестері болып табылатын/ болуы ықтимал заңды тұлғалардан қандай да бір активтерді/үлестерді сатып алу ниеті туралы мәліметтер көрсетіледі.

** Заңды тұлғаның акцияларының саны (жарғылық капиталға қатысу үлесі) көрсетіле отырып, мәлімдеген күні теңгемен және/немесе басқа валютамен қатысу сомасы/сатып алу құны көрсетіледі.

3. Серіктестіктің контрагенттерінің немесе бәсекелестерінің жеке және/немесе алқалы басқару органдарына қатысуы туралы мәліметтер:

Осымен мен/менің жұбайым (зайыбым) / жақын туысым/жекжатым Серіктестіктің контрагентінде және / немесе бәсекелесінде ұйымдастырушылық-өкімдік және / немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыруды көздейтін лауазымды адам/басқару органының мүшесі (директорлар кеңесі (жиналысы)/ байқаушы кеңесі және т. б.) /атқарушы органның мүшесі/жалғыз атқарушы органы/тәуелсіз директоры / өзге де басшы лауазымдарға тағайындалған сайланған адамы екенімді хабарлаймын:

т/т №	Заңды тұлғаның атауы*	Қатысу түрі**

* Оның органдарында мәлімдеуші, оның жұбайы (зайыбы)/жақын туысы/жекжаты лауазымды адамы / басқару органының (директорлар кеңесі (жиналысы), байқаушы кеңесі және т. б.) мүшесі/ атқарушы органның мүшесі/ жалғыз атқарушы орган/тәуелсіз директор / ұйымдастырушылық-өкімдік және/немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыруды көздейтін өзге де басшы лауазымдарға сайланған немесе тағайындалған адам болып табылатын заңды тұлғаның (Серіктестіктің контрагенті/бәсекелесінің) атауы көрсетіледі.

** Қатысу түрі (директорлар кеңесіне (жиналысына), Бақылау кеңесіне, атқарушы органға және т.б. қатысу) көрсетіледі.

4. Саяси маңызды адамдармен байланыс

4.1. Осымен саяси маңызы бар адаммен (тұлғалармен) өзара іс-қимылда мүдделердің ықтимал/туындаған қақтығысы туралы хабардар етемін (қажеттісінің астын сызу):

т/т №	Болуы ықтимал/туындаған мүдделер қақтығысы (мүдделер қақтығысы / жеке мүдделілік қандай көрініс алғанын сипаттау қажет)

4.2. Осымен мен/менің жұбайым (зайыбым)/жақын туысым/жекжаттым саяси маңызы бар тұлға (лар)/болғанымды (ызды) хабарлаймын:

т/т №	Мәлімдеушінің/мәлімдеушінің жұбайының/ жақын туысының/ жекжатының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Лауазымы	Жұмыс орыны	Жұмыс істеген кезеңі

Өтініш берушінің/оның жұбайының/жақын туысының/ жекжатының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, жұмыс орны, жұмыс кезеңі көрсетіледі.

5. Ақпаратты басқа да ашу

5.1. Осымен мен / жұбайым / жұбайым / жақын туысым/жекжаттым Серіктестікке тиесілі активтерді сатып алуға ниетті екенімді /ниетті екенін хабарлаймын:

т/т №	Мәлімдеушінің/мәлімдеушінің жұбайының/ жақын туысының/ жекжатының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Актив

5.2. Осымен мен/менің жұбайым (зайыбым)/жақын туысым/жекжаттым Серіктестіктің контрагенттеріне/ бәсекелестеріне (оның ішінде мен/менің жұбайым (зайыбым)/жақын туысым/жекжаттым бенефициарлық меншік иесі (меншік иесі) болып табылатын заңды тұлғалар арқылы) қызмет көрсеткенім / өзге де өзара іс-қимыл жасағаным туралы хабардар етемін:

т/т №	Контрагент	Өзара іс-қимыл жасау түрі (мысалға, қызмет көрсету)

5.3. Осымен мен/менің жұбайым (зайыбым)/жақын туысым/жекжаттым Серіктестіктің контрагенттеріне/ бәсекелестеріне (оның ішінде мен/менің жұбайым (зайыбым)/жақын туысым/жекжаттым бенефициарлық меншік иесі (меншік иесі) болып табылатын заңды тұлғалар арқылы) қызмет көрсеткенім / өзге де өзара іс-қимыл жасағаным туралы хабардар етемін:

т/т №	Контрагент	Өзара іс-қимыл жасау түрі (мысалға, қызмет көрсету)

5.4. Осымен Серіктестікте менің жұбайым (зайыбым)/ жақын туысым/жекжаттым жұмыс істейтінін немесе қызметке тағайындалғанын хабарлаймын:

т/т №	Мәлімдеушінің/мәлімдеушінің жұбайының/ жақын туысының/ жекжатының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Жұбайының/ жақын туысының/ жекжаты басқан лауазым

5.5. Осымен басқа ықтимал / туындаған мүдделер қақтығысы туралы хабарлаймын (қажеттісінің астын сызу):

т/т №	Мүдделер қақтығысының сипаты көрсетіледі

Осымен мәлімдемеде көрсетілген барлық мәліметтер толық, шынайы және шүбәсіз болып табылатынын растаймын.

(мәлімдеушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның лауазымы, құрылымдық бөлімшенің атауы).

Мәлімдеушінің қолы: _____, күні:

Жауапты адам «Қаралды»:

(мәлімдеушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның лауазымы, құрылымдық бөлімшенің атауы).

4-қосымша
(міндетті)

Мүдделер қақтығысының болмауы туралы мәлімдеме

20 _____ жылғы _____ (қала, елді мекен)

Осымен растаймын:

Менің лауазымдық / еңбек міндеттерімнің бейтарап орындалуына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығысы/жеке мүдделілігім жоқ;

Мен, сондай-ақ менің жұбайым (зайыбым)/жақын туыстарым/жекжаттарым жеке, сондай-ақ аффилиирленген тұлғалар арқылы «Магистральды Су құбыры» ЖШС (әрі қарай – Серіктестік) бәсекелес ұйымдарындағы қатысу үлестерін/акцияларын иеленбегенмін / иеленбеген;

Мен, сондай-ақ менің жұбайымым (зайыбым)/жақын туыстарым/жекжаттарым жеке, сондай-ақ Серіктестіктің контрагент ұйымдарындағы қатысу үлестерін/акцияларын үлестес тұлғалар арқылы иеленбегенмін / иеленбеген;

Мен, сондай-ақ менің жұбайым (зайыбым)/жақын туыстарым/жекжаттарым жеке пайда алу не Серіктестікпен бәсекелестікке қатысу мақсатында корпоративтік меншікті, ақпаратты немесе қызметтік жағдайды пайдаланбаймын / пайдаланбайды;

Мен серіктестікті сатумен немесе сатып алумен, активтерді сатумен және сатып алумен, Серіктестіктің ақшалай қаражатын инвестициялаумен және т. б. байланысты қызметті қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, қызмет нәтижесінде туындауы мүмкін жеке пайда алу үшін өзімнің қызметтік жағдайымды теріс пайдаланбаймын.;

Осымен мен/менің жұбайым (зайыбым) / жақын туысым/жекжатым Серіктестіктің контрагентінде және / немесе бәсекелесінде ұйымдастырушылық-өкімдік және / немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыруды көздейтін директор (лар) /акционер(лер)/ серіктес(тер)/ аффилиденген тұлға (лар)/ лауазымды адам (дар)/ басқару органының (директорлар кеңесі (жиналысы), байқаушы кеңес және т. б.) мүшесі (мүшелері)/ атқарушы органның мүшесі (мүшелері) / жеке-дара атқарушы орган / тәуелсіз директор (тәуелсіз директорлар) / сайланған (-лар) немесе тағайындалған (-лар) Серіктестіктің контрагентінің/бәсекелесінің өзге де байланысты тұлғасында ұйымдастырушылық-өкімдік және/немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыруды көздейтін өзге де басшылық лауазымдар емеспін/ болып табылмайды

Мен өзімнің лауазымдық/еңбек міндеттерімді жарғының, іскерлік этика кодексінің және Серіктестіктің басқа да ішкі құжаттарының ережелеріне қатаң сәйкес орындаймын;

Мен бұған дейін саяси маңызды тұлға санатына жататын лауазымдарды атқармағанымды хабарлаймын;

Мен жұбайымның (зайыбымның)/жақын туыстарымның/жекжаттарымның саяси маңызы бар тұлғалар болмағанын/болып табылмайтынын хабарлаймын;

Ықтимал мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда мен бұл туралы белгіленген тәртіппен Серіктестікті дереу хабардар етуге міндеттенемін.

Осымен мәлімдемеде көрсетілген барлық мәліметтер толық, шынайы және шүбәсіз болып табылатынын растаймын.

_____ (мәлімдеушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның лауазымы, құрылымдық бөлімшенің атауы).
Мәлімдеушінің қолы: _____, күні:

Жауапты адам «Қаралды»:

_____ (мәлімдеушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның лауазымы, құрылымдық бөлімшенің атауы).

